

Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Аманқарағай балалар кітапханасы
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Аманқарағайская детская библиотека

Ұлы халықтың – ұлы Абайы **Великий Абай – великого народа**

(к 180-летию великого поэта, писателя, общественного деятеля,
основоположника современной казахской литературы Абая Кунанбаева)



Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Аманқарағай балалар кітапханасы
ГҮ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Аманқарағайская детская библиотека

Ұлы халықтың – ұлы Абайы

Ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ әдебиетінің негізін
салушы Абай Құнанбаевтың 180-жылдығына арналған
библиографиялық көрсеткіш

Великий Абай – великого народа

Библиографический указатель
к 180-летию великого поэта, писателя, общественного деятеля,
основоположника современной казахской литературы Абая Кунанбаева

Аманқарағай
2025

ББК 91.9:78

Ұ 45

Құрастырушы/

Составитель

Шығарылымға жауапты/

Ответственный за выпуск

Редактор

Карбаева Гульфайза Касымхановна

Мукушова А. К. – аға библиограф /
старший библиограф

Серкебаева С. Ж. – Директор
Аулиекольской ЦБС

«Ұлы халықтың – ұлы Абайы»=«Великий Абай – великого народа» :
библиографиялық көрсеткіш [Мәтін] / Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімінің «Әуликөл аудандық орталықтандырылған
кітапханалық жүйесі» ММ ; Аманқарағай балалар кітапханасы; құраст.: Г. К.
Карбаева ; редактор С. Ж. Серкебаева. – Әуликөл. – 2025. – 36 б.

Библиографиялық көрсеткішке ұстаз, ақын, ағартушы, жазба қазақ
әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, сазгер,
аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен еңбектері,
естеліктер мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар еніп
отыр.

ББК 91.9:78

Ұ 45

«Әуликөл аудандық орталықтандырылған
кітапханалық жүйесі» мемлекеттік мекемесі

Құрастырушыдан

Абайдың әдеби мұрасы – оның шығармалары, поэмалары, аудармалары, философиялық ойлары – қазақ әдебиеті тарихының баға жетпес байлығына, халқымыздың рухани мәдениетінің асқақ өрісіне айналды. Оның еңбектері өлмес, уақыт өте келе олар тек өзекті бола бастайды және әлеуметтік, мәдени-рухани өмірге бағдарларды анықтайды. Аманқарағай балалар кітапханасы ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» библиографиялық көрсеткішін дайындады.

Көрсеткіште Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат бар.

Әдебиет бөлімдер бойынша жүйеленген.

Көрсеткіштегі материал қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған.

Материалдың іріктелуі 2025 жылдың наурыз айында аяқталды.

Библиографиялық көрсеткіш ізденушілерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Материал <http://auliekol-cbs.kz/ru/> сайтта көрсетілген.

От составителя

Литературное наследие Абая – его произведения, поэмы, переводы, философские размышления – стало бесценным достоянием истории казахской литературы, возвышенным полем духовной культуры нашего народа. Его труды бессмертны, с течением времени они становятся все более актуальными и определяют ориентиры для общественной и культурно-духовной жизни. Аманкарагайская детская библиотека подготовила библиографический указатель литературы «Великий Абай – великого народа», посвященный 180-летию великого поэта, писателя, общественного деятеля, основоположника современной казахской письменной литературы Абая Кунанбаева.

Указатель содержит информацию о жизни и творчестве Абая Кунанбаева.

Литература систематизирована по разделам.

Материал в указателе представлен на казахском и русском языках.

Отбор материала закончен в марте 2025 года.

Библиографический указатель предназначен для широкого круга читателей.

Материал указателя отражен на сайте: <http://auliekol-cbs.kz/ru/>

Өмірбаяны

Абай Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда бұрынғы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан) Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты – Ибраһим. Анасы еркелетіп Абай деп атап кеткен. Абайдың арғы атасы Ырғызбай атақты би әрі батыр болған. Ал әкесі Құнанбай қажы – тобықты руының өте ықпалды адамы, Қарқаралы округіндегі алғашқы аға сұлтандардың бірі. Абай сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған әжесі Зеренің аңыз-ертегілерін естіп, шешен, тапқыр, әзіл-әжуаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдері оқытылып, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Зерек те зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріледі. Ол енді дін оқуын ғана тұтпай білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп, көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады, Шығыстың Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламаларының туындыларын оқиды. Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмайды. Өйткені әкесі Құнанбай Абайды тобықты руының болашақ билеушісі ету мақсатымен ауылға кері қайтарып алады. Сөйтіп, 13 жастағы Абай ел ісіне араласады.

Абай әке қасында болған жылдарда ел билеуші би болыстардың қулық-сұмдықтарын, қазақ даласында ыдырай бастаған феодалдық-рулық қатынастардың қайшылықтарын, әлеуметтік теңсіздіктің кертартпа салт-сананың зардаптарын айқын түсінді. Ру таластарының қым-қуыт дау-жанжалына амалсыз араластырылған Абай әкесінің әділетсіздігімен, қаталдығымен келісе алмай, көп істерге әкесінің ырқына көнбей әділ үкім шығарып отырған.

4



*Абайдың рухани
өсуіне ықпалы
зор болған әжесі
Зере*





Ақын өз отбасы ортасында. Бірінші қатардағылар: Бәкизат, Тұрағұл, Әубәкір; екінші қатардағылар: Абай, Еркежан, Кәмалия; үшінші қатардағы Мағауия

Абайдың әкесі Құнанбай кезінде Меккеге қажылыққа барып қайтқан. Меккеде Құнанбай қажы салдырған «Тәбия» қонақ үйі әлі бар



Абайдың лирикасы

Абай өлеңді 10-12 жасынан бастап шығара бастаған. Алайда оның алғашқы өлеңдерінің көпшілігі бізге жеткен жоқ. Себебі ол бұл кезеңдегі өзінің көптеген өлеңдерін жас достарының атынан таратқан. Мысалы, інісі, досы және шәкірті Көкбай Жаңатайұлының атымен шыққан өлеңдері көп. Жүрегін жарып шыққан туындысын шәкіртінің атынан жариялауы – Көкбайдың ақындығына көңілі толғандығының, шәкіртіне деген үлкен сенімінің белгісі. Екіншіден, өзінің жазғандарына сыншыл ақынның көңілі толмай, қанағат қылмай жүру себебі де бар болар. Абай шығармашылыққа 35 жасқа келгенде ғана қайта оралады. Бірақ бұл кезеңде ол өз өлеңдерін жас достарының атынан таратады. Тек 1886 жылы 40 жастан асқан шағында «Жаз» деген атақты өлеңін жазғаннан кейін ғана ол шығармаларына өз атын қояды.



1909 жылы Петербургте Илья Борганскийдің баспаханасында басылып шыққан Абайдың алғашқы жыр жинағы




6

***Жаздыкүн шілде болғанда
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;...***

Ақын бұл өлеңінде жаздыкүні жайлаудағы қазақ ауылының өмір-тұрмысын суреттейді. Жаз келісімен мал бағумен күнелткен көшпелі елге көп жеңілдік, қуаныш, қызық әкелетіндей көрінгенін байқатады.

Табиғат лирикасы Абайдың асқан реалист ақын екенін танытты. Оның табиғат жырларында өзі өмір сүрген заман мен сол заманда тіршілік кешкен адам жайы айқын көрініс табады. Лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, Абай өлеңдерінде соның бәрі бар. Ол өзінің қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адамдардың портреттерін жасауға, олардың ішкі-сыртқы қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен өте шебер көрсете білді. Ақынның саяси-әлеуметтік, табиғат, махаббат лирикаларының қайқайсысын алып қарасақ та, оның тамаша реалистігі, сонымен қатар қоғамдық өмірге азаматтық көзқарасы



айқын байқалады және де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады.

Туған халқын сүйіп, оны бодандық қасіретінен құтқаруды мақсат еткен Абай ең алдымен елдің береке-бірлігін жақтады. Елі де Абайын сүйіп, қатты құрметтеді. Оның өлеңдерін жатқа айтып, тұмардай сақтады. Шынында да, әр сөзі теңіздің тереңіне тартқандай зор мағыналы, адамға берер шабыты мен шапағаты мол Абай әр қазақтың жүрегінен орын алды, қазақ өлең үлгісін жаңаша тұрғыдан байыта түсті.

Абай өлеңдерінің тақырыбы жан-жақты, әлеуметтік аясы кең. Халықты өнерге, білімге, ғылымға шақырады. Махаббат жырлары жанға жайлы, жүрекке жылы тиеді. Ақынның «Жазғытұрым», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ» өлеңдерінің сол кездегі әлеуметтік жағдайларды түсіну үшін маңызы зор.



«Қансонарда» өлеңі — оның ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы. Бастан аяқ динамикалық суреттерден тұратын бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі ұғымдардан өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. Ал «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Өлсем, орным қара жер», «Болыс болдым, мінеки» секілді таңдаулы туындыларының қай-қайсысын алсақ та, оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер — білімге, адал

7

еңбекке, әділеттілікке шақыру; надандықты айыптау; алауыздықты әшкерелеу екені бірден байқалады. Халықтың ауыр тағдырын, өмір-тұрмысын нанымды түрде көрсете отырып, Абай халықты қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырады.

«Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба.

Құмарланып шаттанба

Ойнап босқа күлуге»... —

деп жастарды бес нәрседен — өсектен, өтіріктен, мақтаншақтықтан, еріншектік пен бекер мал шашпақтықтан қашық болуға; бес асыл іске — талап етуге, еңбекті сүйуге, терең ойлап, қанағатшыл болуға, қайырымдылық пен рақымшылық жасауға шақырды. Ақын жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке, ғылым іздеп, білім алуға үндеді. «Өлең — сөздің патшасы» өлеңінде «сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел!» - деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінен ақындыққа ғана емес, жалпы көркем өнерге деген эстетикалық көзқарасын байқаймыз.

Абай лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ақынның жылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс», («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»), «Күз» («Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан»), «Жаз» («Жаздыгүн шілде болғанда»), «Жазғытұры» («Жазғытұры қалмайды

қыстың сазы») секілді бір топқа жататын өлеңдерінің әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әртүрлі болып шыққан.

Абай – қазақ поэзиясының тіл кестесіне, сөз саптауға жаңа сипат дарытқан ақын. Себебі оның шығармаларындағы адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін көрсететін сипаттамаларында, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздерінде жаңа, өзі шығарған үлгі-өрнектері мол.

Абай – өз дәуіріне қатал сыншы болған ақын. Саяси сипаттағы сатиралық өлеңдерінде ол болыс-билердің жиіркенішті қылықтарын ғана суреттеп қоймай, есте қаларлық образдар жасайды.



*Семейдегі Абай тұрған
Ә. Молдабаев үйі*

Абай аудармалары

Абай А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, т.б. ақындардың шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты. Ол Александр Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романын толық аудармағанмен, одан үзінділер тәржімелеп: «Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьянаның сөзі», «Ленскийдің сөзі» және «Онегиннің өлердегі сөзі», деп жеке-жеке сегіз шығарманы дүниеге әкелді. Олардың өзін қазақы ұғымдармен сөйлетіп қойған ол «Татьяна сөзін» «Тәңірі қосқан жар едің сен» деп бастайды. Абайдың қазақы ұғымға жатық етіп еркін аударған Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды.

М. Ю. Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Теректің сыйы», «Қанжар», «Асау той, тенек жиын, опыр-топыр», «Жартас», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Жалау» өлеңдерін қазақтың төл туындысынша сөйлетті. Бұл шығармалар Абайдың ой көрігінде қайта қорытылып, жаңадан дүниеге келген туындылар еді. Бұларға қоса, ол Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударған.


Қазақ халқының сол дәуірдегі өмірін шыншылдықпен суреттеуде, әртүрлі топтар өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелер жасауда сөз өнерінде мысал жанрынан асқан көркемдік құрал жоқ. Бұл жолда Абайдың И. А. Крыловтың аударған мысалдарының маңызы зор. «Қарға мен түлкі», «Шегіртке мен құмырсқа», т.б. мысалдары ел арасында кең таралды.

Қазақтың көрнекті, ұлы саяси күрескері Ә. Бөкейханов өзінің қырғыз даласында әр түрлі уездерде болған кезінде, ондағы ақындардың Пушкин мен Лермонтовтың Абай аударған өлеңдерін жақсы білетініне, оларды домбырада әнге қосып айтатынына көз жеткізіп қайтқанын жазады.


Орыс тілінен Абай аударған шығармалар қазақ әдебиетін байыта түсті. Ол орыстың ұлы ақындарының 50-ден астам өлеңін қазақ тіліне аударды. Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табысы болды.




*Абай мұражайы
Семей қаласы*



А. С. Пушкин



М. Ю. Лермонтов



И. А. Крылов


Абайдың музыкалық мұрасы

... Туғанда дүние есігін ашады өлең

Өлеңмен жер қойынына кірер денең... –

деген өлең жолдары арқылы музыканың адам өміріне туғаннан бастап өлгенге дейін ілесе жүретінін аңғартып өткен ақын Абайдың музыкалық мұрасы қазақтың ұлттық өнері тарихында ерекше орын алады. Қазіргі уақытта Абайдың 27 әні және оның 36 нұсқасы нотаға түсірілген. Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жетуінің себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай поэзиядағы

сияқты музыкалық шағармашылықта да орыс халқының озық музыка өнерінің артықшылығын түсініп, соны меңгеруге тырысты. Сөйтіп, қазақтың музыкалық дәстүрінде өзіне дейін болмаған жаңа ырғақты ән шығарды. Соның бірі – «Татьянаның хаты». «Евгений Онегиннен» тәржімеленген бұл ән Абайдың көзі тірісінде-ақ халық арасына кең тараған.



Ақынның домбырасы

*Абай жақсы көрген
тоғызқұмалақ ойыны*



Түбірімен өзгеше әуез бен өлең сөзі ел құлағын елең еткізгені сөзсіз. Ал «Көзімнің қарасы», «Не іздейсің, көңілім», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ» және т.б. төл әндері арқылы халықтың ән шығармашылығына жаңа ырғақ әкелді және ән өнерімен байыта отырып, өзіндік жаңалық, із салды. Абай өлеңдеріне М. Төлебаев, С. Мұхемеджанов, Ғ. Жұбанова, Н. Тілендиев сияқты композиторлар әндер мен романстар жазды.

Абайдың музыкалық шығармалары қазақтың қазіргі ұлттық мәдениетінің аса құнды бөлігіне айналды. Оның әндерін кәсіпқой әншілер домбыраға қосылып, фортепианоның сүйемелдеуімен айтады. Кейбіреулері бірқатар композиторлардың күрделі шығармаларына арқау болды.

10



*Абай Құнанбаевтың
Жидебайдағы мұражайы*

*Абай атындағы мемлекеттік
академиялық
опера және балет театры,
Алматы қаласы*



Абайдың қара сөздері

Абайдың қара сөздері 1890–1898 жылдар аралығында жазылған. Жалпы саны – 46.

Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін прозалық шығарма. Ақын қара сөздерінің мазмұны терең, логикалық мәні зор.

Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының пәлсапалық тұжырымдамасын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Қара сөздердің тақырыбы әр алуан. Мәселен, Абай «Он тоғызыншы сөзінде» сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс деп көрсетеді. Ақынның бұл дүниетанымы: «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», - деген жолдарынан анық байқалады.

Абай – отаршыл биліктің бұрыннан келе жатқан ұлттық мінез бен болмыстағы кемшіліктерді тереңдетіп жібергенін көзімен көріп, бұл үдерісті жанымен сезінген ойлы тұлға. Ақынның қара сөздерінде бұл дағдарыстық құбылыстың нақты көрінісі берілген. Ұлы ақын оны жеке тұлғаға, әлеуметтік топтарға байланыстырады.

«Он төртінші сөзінде» ол: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Одан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі... Жұрттың көбінің мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – бәлеге, жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» - деген негізді тұжырымға келеді.

«Жиырма екінші сөзінде» ол: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейді деп ойладым. Байды қадірлейін десең бай жоқ. Бай болса да, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ... Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреуі бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр... Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстықпенен биліктің ешбір қасиеті жоқ»... – дейді.

Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.



Абайдың «Бірінші қара сөзінің» мәтіні

Абай мен Шәкәрім кесенелерінің амфитеатрымен қоса бір қырынан түсірілгендегі көрінісі




12

Абай және орыс әдебиеті


Қазақ жеріне жер аударылып келгендердің арасында патша үкіметінің саясатына қарсы шыққан орыс зиялы қауымының өкілдері аз емес еді. Атап айтқанда, Е. Михаэлис, А. Леонтьев, С. Гросс, А. Блэк, П. Лобановский, Н. Коншин, Н. Долгополов және тағы басқалар.

Ақын 1870 жылдары Петербургтен Семейге айдалып келген Е. П. Михаэлиспен, 1880 жылдары орыс демократтары Н. И. Долгополовпен, А. А. Леонтьевпен танысады. Бұл озық ойлы азаматтардың Абайдың саяси-әлеуметтік көзқарасына игі ықпалын тигізгені сөзсіз. Бірақ Абай Құнанбаев орыс мәдениетімен, әдебиетімен Пушкин, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың шығармаларын оқу арқылы да таныс еді. Сондай-ақ ол Гетте, Байрон, сияқты ақындар мен Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, Дрепер сынды ғұламалардың туындыларын да оқиды. Осылардың бәрімен танысуына себепкер болған қаладағы жалғыз кітапхана еді.

Абай көптеген ақын-жазушыларды білді. Кейін келе оның да есімі халық арасында кеңінен тарала бастады. Ұлы ақын туралы алғаш естіген сырт адамдардың бірі – белгілі америкалық журналист Джордж Кеннан.



*Абай Құнанбаев
Н. Долгополов досымен бірге*



Абай Семей кітапханасында

Ол 1885 жылы Сібірден жер аударылғандардың тұрған мекенін көру мақсатымен Семейге келіп, қоғамдық кітапхана өмірімен танысқан еді. Д. Кеннан сол кездегі ғылымға құштар адамдардың кітапханаға қаншалықты ықыласпен, қамқорлық сезіммен қарайтынын аңғарды. Жер аударылғандардан орыс тілін білетін және ағылшын ғалымдарының еңбектерін зерттеп жүрген айрықша ақыл-парасат иесі – Абай туралы естігенде қатты қайран қалып, көргісі келеді, бірақ кездесе алмайды.

Абай – қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысын күшейтуге аса зор үлес қосқан қайраткер. Абай заманы қазақ халқының тарихындағы ең күрделі, талас-тартысы, қайшылығы мол дәуір болатын. Ендігі жаңа жағдайда білім-ғылым үйренудің маңыздылығын жақсы түсінген Абай орыс мәдениетінің үздік үлгілерін ел ішіне, жұртшылыққа тарату керек деп санады. Орыс әдебиетінің қазақ мәдениетіне үлкен жаңа арна болып қосылуы және Абайдың Е. П.

Михаэлиспен танысуы осы тұста. Ол «Менің дүниеге көзімді ашқан Михаэлис» деп оны ерекше құрметтеген. Кемеңгер ақын жер аударылып келген орыс зиялыларынан көп үйреніп, өнеге алса, бір жағынан елеулі мөлшерде өзі де ықпал еткен. Себебі жергілікті халық – қазақтың өмірін, тұрмыс-жағдайын жете білу оларға да аса қажет еді.

Өмірінің соңғы жылдары

1891 жылдан бастап Абайдың басына ауыртпалық түсіп, бір-біріне ұласқан қайғы бұлты ашылмай қояды. Осы жылы ақынның сүйікті інісі Оспан дүние салады. Одан кейін орысша әскери білімі бар, үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманнан айырылады. Бұлардың қазасы ақын жанына қалай батқаны оның осы тақырыпқа арналған өлеңдерінен айқын көрінеді. Әбішке арнаған өлеңінде ол үміткерінен, мұрагерінен айырылған әкенің, халық бақыты үшін күрескен тұлғасын жоқтаған ел-жұртының қайғысын білдіреді.

Ел ішіндегі руаралық талас-тартыс қалжыратқан Абайдың алдынан тағы бір тағдыр соққысы шығады: дарынды ақын баласы Мағауия қайтыс болады. Осындай бірінен соң бірі қабаттасқан қайғы-қасіреттен күрт сынған Абай Мағауияның қазасынан кейін қырық күннен соң өзі де дүние салады.

Ақынның сүйегі Шыңғыстаудың ығындағы Жидебайда, інісі Оспанның жанына жерленеді. Бұл күнде ол арада қазақтың ұлы екі перзенті – Абай мен Шәкәрімге деген ұрпақтың өшпес махаббатының, ізгі құрметінің белгісіндей болып, сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынған қос мұнаралы кешенді алып мазар тұр.

Ақынның өз кіндігінен он бала тарады. Бәйбішесі Ділдәдан тараған балалары: Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Райхан, Күлбадан және кенже баласы Мағауия.



*Абайдың көп үміт күткен
ұлдарының бірі – Әбдірахман*



Абайдың ұлы – Мағауия



Абай және ұлдары – Ақылбай мен Тұрағұл

Екінші әйелі Әйгерімнен (Шүкіман) көрген балалары – Тұрағұл, Мекайыл, Ізкәйіл, Кенже. Абайдың үміт күткен дарынды ұлдары: Әбдірахман, Мағауия, Тұрағұл, Мекайыл.

Абай есімін есте қалдыру мақсатында елімізде көптеген шаралар жүзеге асты. Ең алдымен, Жидебайдағы Абай қыстауы қалпына келтіріліп, ол Семейдегі Абай мұражайының дербес бөлімшесіне айналды. Ақын жерленген зиратқа гранит пен мрамордан құлпытас орнатылды. Ал Абай есімімен аталатын елді мекендер, ірі қалалардағы көшелер, оқу орындар жетерлік.


15



Абайдың үйіндегі заттар

Семейдегі Әнияр Молдабаев үйіндегі Абай бөлмесі





Ақынның аналары Зере мен Ұлжанның мазары

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары Абай туралы

Абайды XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының белгілі тұлғалары өздеріне үлгі етті.

Ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов мақалаларынан басталды деуге болады.

Абайдың сын мектебі Әлихан, Ахмет, Міржақыптарға қазақ қоғамын терең түсіну үшін ғана емес, ең алдымен оны түбегейлі өзгерту үшін керек болды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ», - деп жазды.

Міржақып Дулатов: «Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Абайдың үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндері Абай құрметі күннен-күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер. Халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар», - дейді.

Мағжан Жұмабаев Абайға арналған өлеңінде:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.

Қарадан хакім болған сендей жанды

Дүие қолын жайып енді күтпес.

...Ай, жыл өтер, дүние көшіін тартар,

Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.

Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,

Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар, - дейді.



Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтың: «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», - деген тамаша сөздері бар.

Абай өлеңдерінің ең алғашқы жинағы 1909 жылы ақын Кәкітайдың арқасында Петербургте басылып шықты. Ақынның өлеңдерін жинауға және бастырып шығаруға көп күш-жігер жұмсап, игі ықпал еткен ақынның шәкірті Көкбай Жанатайұлы (1864–1927) болды. Жинақты белгілі қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов редакциялады.

*Режиссер Ардақ Әмірқұловтың
«Абай» фильмі*



Абай шығармалары



1. Абай, (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалары [Мәтін] / Абай ; құраст. : Б. Қанапиянов, Б. Хабдина. – Алматы : Жібек Жолы, 2019. – 487, [1] б.
2. Абай және алаш сабақтастығы [Мәтін] : тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект : [ұжымдық моногр.] / [ред. Алқасы : Е. Сыдықов т. б.] ; Еуразия ұлттық ун-ті ; «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу ин-ты. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 406 б.
3. Абай және қазақ социумы [Мәтін] Т. 1 / [ред. Алқасы : Е. Сыдықов т. б.] ; Еуразия ұлттық ун-ті ; «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу ин-ты. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 294 б.
4. Абай және қазақ социумы [Мәтін] Т. 2 / [ред. Алқасы : Е. Сыдықов т. б.] ; Еуразия ұлттық ун-ті ; «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу ин-ты. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 406 б.
5. Абай және қазақ социумы [Мәтін] Т. 3 / [ред. Алқасы : Е. Сыдықов т. б.] ; Еуразия ұлттық ун-ті ; «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу ин-ты. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 504 б.
6. Абай және қазақ социумы [Мәтін] Т. 4 / [ред. Алқасы : Е. Сыдықов т. б.] ; Еуразия ұлттық ун-ті ; «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу ин-ты. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 348 б.
7. Абай туралы естеліктер [Мәтін] : Абайдың мемлекеттік қорық-музейінің қорынан / жалпы ред. Б. Жінісбеков. – Алматы: Қаламгер, 2018. – 503б.
8. Абай тілі сөздігі [Мәтін] – Алматы : Өнер, 2011. – 614, [2] б.

Цитаталар

Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ ішкі болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хакма, философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті.

Шакәрім Құдайбердіұлы

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Одан асқан бұрынғы соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы

Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар.

Міржақып Дулатов

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Мағжан Жұмабаев

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов

Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесін бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық – аждаһаны өртеуге Құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды.

Мұхтар Әуезов

Өлеңді өнер деп бағалаған Абай – сол өлеңді кестелеп, қазаққа қызмет етті. Өлеңнің өнер екенін көрсетті. Қазақта да мынадай сөз өнерінің үлгілері болады деп өнер белгісін қалдырды. Абайды жазба әдебиеттің – сырлы әдебиеттің басы дейтініміздің бір жағы осында.

Ілияс Жансүгіров

Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді.

Әлихан Бөкейханов

Абайдың ақындық еңбегі қазақ әдебиетін жаңа бағытта ілгері дамытумен бірге, қазақ қоғамының дамуына да игі әсер етті.

Қайым Мұхамедханов 19

Абайдың өлген күнінен қанша алыстасaq, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар.

Міржақып Дулатов

Абай сөзі – қазақтың бойтұмары, Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы.

Нұрсұлтан Назарбаев

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Қасым-Жомарт Тоқаев

«Абай» шын мағынасында Европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман.

Ғабит Мүсірепов

«Абай» арқылы, сол дәуірдің өзін де, ол дәуірдің ар жақ – бер жағын да жете ұғынуына болады.

Ғабит Мүсірепов

Тегінде Абай шығармасының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз.

Мұхтар Әуезов

Абай – әлемдік әдебиеттен белгілі орын алған кемеңгер ойшыл, адам баласын шындыққа, игілік іске, еркіндікке шақырған ұлы ақын. Ақынның жазғандары өзінің бейнелі көркемдігімен сәулетті сұлу дүниедей адам көңілін баурап алса, оның мазмұны да жүрекке сәуле түсіргендей, жаңа бір қызықты, қуанышты дүниеге кіргізгендей болады.

Әлкей Марғұлан

Абай өз халқының ең ардақты, аяулы арманын, ой-пікірін, терең сезім-сырын, ұлттық мінез-күлқын жеріне жеткізе жырлаған, жарқын бағыттағы жаңа жазба әдебиеттің атасы, қазақ көркем әдебиетінің көрікті тілін ұстартқан, құдіретті ақындық өнерімен үлгі-өнеге жайған классик ақын.

Қайым Мұхамеджанов

Абай мұрасы – халық қазынасы (сценарийлер)

1. Абилова, А. «Абайды оқы, таңырқа!» [Мәтін] : Тәрбие сағаты / А. Абилова, С. Оспанова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2019. – № 11. – Б. 26–28.
2. Айткалиева, К. Р. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе! [Мәтін] : Әдеби-сазды кеш / К. Р. Айткалиева // Мектептегі кітапханашы = Библиотекарь в школе. – 2021. – № 6. – Б. 12–16.
3. Аманбекова, Салтанат. Ғалым болмай немене... [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Салтанат Аманбекова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 6. – Б. 11–15.
4. Әбдіразақова, Адия Әділбекқызы. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе... [Мәтін] : Мәнерлеп оқу сайысы / Адия Әділбекқызы Әбдіразақова // Мектептегі мерекелер. – 2019. – № 10. – Б. 3–5.
5. Әміренова, Н. Т. Абай мұрасы – халық қазынасы [Мәтін] / Н. Т. Әміренова // Мектептегі кітапхана = Школьная библиотека. – 2020. – № 1–2. – Б. 4–7.
6. Әуелбекова, Жанат. Абай – ұлы тұлға [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Жанат Әуелбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. – № 7. – Б. 18–22.
7. Базарбаева, Райгүл. Абай дара, дана [Мәтін] : Дөңгелек үстел / Райгүл Базарбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 2. – Б. 13–15.
8. Байбол, Әлібек. «Адамның бес асыл ісі» мен «Адамның бес дұшпаны» [Мәтін] : [Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған] / Әлібек Байбол. // Мәдениет. – 2021. – № 12. – Б. 2–5.
9. Баймуханова, Алия. Абай өлеңдері кешкі лирикада [Мәтін] : Кофе-брейк сценарийі / Алия Баймуханова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2023. – № 11. – Б. 8–10.

10. Байсакова, Майгүл. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан [Мәтін] : Дөңгелек үстел / Майгүл Байсакова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 2. – Б. 15–17.
11. Бактиярова, Мария. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе! [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Мария Бактиярова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 12. – Б. 9–11.
12. Бекишова, Роза. Абай дана, Абай дара қазақта [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Роза Бекишова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – Б. 15–18.
13. Даулбаева, Г. Адамзаттың Абайы [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Г. Даулбаева, К. Салыкова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 1. – Б. 25–28.
14. Еқаққызы, Г. Дана Абай, дара Абай [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Г. Еқаққызы // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 3. – Б. 13–14.
15. Ескарина, Р. Ж. Абайды оқы, таңырқа...! [Мәтін] : Сценарий / Р. Ж. Ескарина // Мектептегі кітапхана = Школьная библиотека. – 2021. – № 1–2. – Б. 14–16.
16. Естенова, Гульфия. Қазақты әлемге танытқан – Абай [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Гульфия Естенова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2019. – № 4. – Б. 30–33.
17. Жамбулова, Инкар. Қазақтың ұлы Абайы [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Инкар Жамбулова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2019. – № 11. – Б. 23–26.
18. Жеменей, Ислам. Абай дәуірі және дерекнамалар [Мәтін] : [Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған] / Ислам Жеменей // Aқиқат. – 2021. – № 8. – Б. 32–40.
19. Жиенбаева, Шырын. Көкбай – Абайдың шәкірті [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Шырын Жиенбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 11. – Б. 15–17.
20. Жолмухамбетова, В. Абай әлеміне саяхат [Мәтін] : Тәрбие сағаты / В. Жолмухамбетова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 3. – Б. 9–12.
21. Жолмухамбетова, Венера Жумашевна. Абай әлеміне саяхат [Мәтін] : Танымдық сабақ / Венера Жумашевна Жолмухамбетова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 3. – Б. 8–10.
22. Жусупова, Жанар. «Абай дана, Абай дара қазақта» [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Жанар Жусупова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 10. – Б. 9.
23. Жұмабаева, М. А. Әлем таныған – ұлы Абай [Мәтін] / М. А. Жұмабаева // Мектептегі кітапхана = Школьная библиотека. – 2020. – № 1–2. – Б. 7–8.
24. Жұманазарова, Назира. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Назира Жұманазарова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 5. – Б. 3–6.

- 25.Исмагулова, Гулнара. «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар, қалан» [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Гулнара Исмагулова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2019. – № 4. – Б. 28–30.
- 26.Кенжебек, Гулсара Есенбекқызы. Әлем таныған Абай [Мәтін] : Әдеби кеш / Гулсара Есенбекқызы Кенжебек // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 12. – Б. 7–8.
- 27.Кенжегарина, А. «Шын хәкім, сөзің асыл баға жетпес...» [Мәтін] : Абай Құнанбайұлының 171 жылдығына арналады / А. Кенжегарина // Мектептегі кітапханашы = Библиотекарь в школе. – 2016. – № 11. – Б. 18–19.
- 28.Кундызбаева, Е. «Абай жолы» роман-эпопеясының «қайтқанда» тарауы [Мәтін] : Қойылым / Е. Кундызбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 8. – Б. 32–35.
- 29.Кшимова, А. Ұлы даланың ұлы ақыны – Абай [Мәтін] : Акция / А. Кшимова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 4. – Б. 3–5.
- 30.Қамашбек, Ақерке. Қазақ киносындағы Абайдың экрандық бейнесі [Мәтін] / Ақерке Қамашбек // Мәдениет. – 2021. – № 3. – Б. 40–43.
- 31.Қапалбекұлы, Нағашыбек. Абай мен Жамбылды қайта оқығанда [Мәтін] / Нағашыбек Қапалбекұлы // Мәдениет. – 2021. – № 12. – Б. 49–55.
- 32.Қойшыбекова, Э. Абай «Қара сөздерінің» қазіргі қоғамда көрініс табуы [Мәтін] : Әдебиет айдыны / Э. Қойшыбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 4. – Б. 29–30.
- 33.Қуатова, Бейбіткүл. Қазақ даласының сұңқары [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Бейбіткүл Қуатова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2019. – № 2. – Б. 37–39.
- 34.Махмутова, А. Әлемге танылған ұлы Абай [Мәтін] : Тәрбие сағаты / А. Махмутова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 4. – Б. 8–12.
- 35.Мектепова, Жайнагүл. Ұлылардың ұлысы – Абай [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Жайнагүл Мектепова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 9. – Б. 6–8.
- 36.Муканова, Жансұлу. Абай әлеміне саяхат [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Жансұлу Муканова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 8. – Б. 8–10.
- 37.Муратбек, Жаннур Муратбекқызы. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Жаннур Муратбекқызы Муратбек // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 2. – Б. 3–7.
- 38.Мусабалинова, Р. Б. Абай Құнанбайұлы шығармаларын бейнелеу [Мәтін] / Р. Б. Мусабалинова // Мектептегі кітапхана = Школьная библиотека. – 2020. – № 5–6. – Б. 6–7.
- 39.Мусакиева, Бақытгүл. Абай мұрасы – адамзаттың асыл қазынасы [Мәтін] : Баяндама / Бақытгүл Мусакиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 12. – Б. 6–8.
- 40.Мұқанова, Г. Абай – пір тұтар, ақыл-ой алыбы [Мәтін] : Тәрбиелік шара / Г. Мұқанова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2023. – № 3. – Б. 18–19.

41. Мұхаметжарова, Алмагүл. Абай әлемі [Мәтін] : Шығармашылық кеш / Алмагүл Мұхаметжарова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 12. – Б. 14–17.
42. Назирова, Жанар. Абай мұрасы – ең қасиетті қазына [Мәтін] : Мектепшілік Абай оқуларының сценарийі / Жанар Назирова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2023. – № 4. – Б. 4–5.
43. Нурушева, Жаннат. Абайға алғыс [Мәтін] : Педагогикалық сағат / Жаннат Нурушева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 6. – Б. 14–16.
44. Нұралина, Сәуле. Физика және лирика [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Сәуле Нұралина // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 3. – Б. 19–22.
45. Сакупова, С. Абай дана, Абай дара [Мәтін] : Тәрбие сағаты / С. Сакупова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 5. – Б. 10–12.
46. Тобыкбаева, Г. Ұлы Абайдың тұңғыш өлеңдері [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Г. Тобыкбаева // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 12. – Б. 12–15.
47. Тобыкбаева, Г. «Жүрекке Абай сөзін сақтаған жан...» [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Г. Тобыкбаева, Г. Жумабекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 2. – Б. 17–20.
48. Төлеп, Ақмарал. Абай – адамзаттың ақылманы [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Ақмарал Төлеп // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. – № 4. – Б. 23–26.
49. Төлешова, Гүлмира. Мен бір жұмбақ адаммын [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Гүлмира Төлешова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. – № 1. – Б. 11–13.
50. Туреханова, Ж. Абай дара, Абай дана қазақта [Мәтін] : Тәрбие сағаты / Ж. Туреханова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 9. – Б. 8–13.
51. Тусупбекова, Майра. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан [Мәтін] : Дөңгелек үстел / Майра Тусупбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 6. – Б. 16–18.
52. Тұрсынбайқызы, Гүлденай. А. Құнанбаевтың қара сөздерінің психологиялық-педагогикалық мәні және қазіргі жастарға берер әсері [Мәтін] : [А. Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған] / Гүлденай Тұрсынбайқызы // Мәдениет. – 2020. – № 5. – Б. 10–12.
53. Шакибаева, Р. Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда [Мәтін] : Тәрбиелік шара / Р. Шакибаева // Мектептегі кітапханашы = Библиотекарь в школе. – 2016. – № 1–2. – Б. 17–19.
54. Шуақбаева, Г. Т. Абай – дана, Абай – ұлы [Мәтін] : Сценарий / Г. Т. Шуақбаева // Мектептегі кітапхана = Школьная библиотека. – 2020. – № 5–6. – Б. 2–6.

Абай – дара, Абай – дана қазақта

1. «Абайды әркім әртүрлі салады» [Мәтін] : [суретшілер одағының мүшесі Нұрбұлан Өтепбаевпен сұхбат] / әңгімелескен Маржан Әбіш // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 10 тамыз. – Б. 13.

